

А.Т. Смагулова^{1*}, Ж.М. Әубәкір², Н.Ж. Мағазбеков³

¹«Шәкәрім университеті» КеАҚ, Семей, Қазақстан,

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹akma.2000.2006@mail.ru, ²kokwe75@mail.ru, ³nur_magazbekov@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7509-7025, ²0000-0003-1509-5287, ³0000-0003-2601-9714

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТҮПНҰСҚАСЫН ТҮЗУДЕГІ МӘТІНТАНУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқа мәтінін анықтау мәселесі қарастырылады. Қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім ақын шығармаларының баспа нұсқалары мен қолжазбалары арасында мәтіндік алшақтықтар жиі кездеседі. Зерттеуде негізгі назар өлең мәтіндерін салыстыру, мәтіндік бірізділікті айқындау және түпнұсқаға жақын нұсқаны қалпына келтіру жолдарына аударылды. Қолжазбалар қорындағы материалдар мен әр кезеңде жарық көрген жинақтар өзара салыстырылып, мәтіндік айырмашылықтар сараланды. 1912 жылы жарық көрген «Қазақ айнасы» өлеңдер жинағы мен 1988 жылдан бері жарық көріп келе жатқан ақын жинақтары салыстырылып, мәтінтанулық талдаулар жүргізілді. Алғашқы нұсқасын анықтау жолдары ұсынылды. Сонымен қатар Шәкәрім шығармаларының ғылыми басылымын әзірлеу үшін текстологиялық талдаудың қажеттілігі мен маңызы негізделді. Зерттеу барысында ақынның әр жылдары жарық көрген шығармалары, қолжазбалары, сондай-ақ мұрағаттық деректер мен әдеби-сын еңбектер негізгі нысан ретінде алынды. Шәкәрімнің өмір жолы мен шығармашылығына қатысты материалдар текстологиялық, деректанулық және библиографиялық тұрғыдан қарастырылып, оның әдеби мұрасының толыққанды ғылыми жинағын әзірлеудің алғышарттары айқындалды. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқалық мәтінін анықтау – оның көркемдік әлемін толық тануға, рухани мұрасын келер ұрпаққа бұрмаланбай жеткізуге мүмкіндік береді.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландырылатын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» бағдарламалық-нысаналы жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: Шәкәрім, текстология, мәтінтану, поэзия, қолжазба, академиялық жинақ, түпнұсқа.

A.T. Smagulova^{1*}, Zh.M. Aubakir², N.Zh. Magazbekov³

¹NPJSC «Shakarim University», Semey, Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹akma.2000.2006@mail.ru, ²kokwe75@mail.ru, ³nur_magazbekov@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7509-7025, ²0000-0003-1509-5287, ³0000-0003-2601-9714

TEXTUAL AND SOURCE STUDIES PRINCIPLES FOR ESTABLISHING THE AUTHENTIC TEXTS OF SHAKARIM KUDAYBERDIYEV'S POETRY

Abstract. The article examines the problem of identifying the authentic text of Shakarim Kudaiberdiev's poems. Textual discrepancies are often found between the printed editions and manuscript versions of the works

of this classic of Kazakh literature. The study focuses on the comparison of poetic texts, the determination of their sequence, and the ways of restoring the version closest to the original. Materials from manuscript collections and editions published in different periods are compared. A textual analysis of the poetry collection "Qazaq Aynasy" (published in 1912) and the editions of the poet's works published since 1988 has been conducted. Approaches to establishing the initial version are proposed. In addition, the necessity and significance of textual analysis for the preparation of a scholarly edition of Shakarim's works are substantiated. The main objects of the research include the poet's works published in different years, manuscripts, archival data, as well as literary-critical studies. Materials on Shakarim's life and creativity are considered in textual, source-critical, and bibliographic aspects, which made it possible to identify the prerequisites for preparing a complete academic collection of his literary heritage. Shakarim Kudaiberdiev's works are a precious treasure of Kazakh spirituality. Establishing the authentic text of his poems allows a comprehensive understanding of the poet's artistic world and ensures the transmission of his spiritual heritage to future generations without distortion.

Acknowledgements: The research was carried out within the framework of the program-targeted funding BR28712491 «The comprehensive literary, cultural, historical, ethnographic, geographical, and linguistic study of Shakarim Kudaiberdiev's spiritual heritage: digital integration and ethnotourism».

Keywords: Shakarim, textual criticism, textology, poetry, manuscript, academic edition, authenticity.

А.Т. Смагулова¹*, Ж.М. Аубакир², Н.Ж. Магазбеков³

¹ НАО «Шәкәрім университеті», Семей, Қазақстан,

² Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

³ Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹akma.2000.2006@mail.ru, ²kokwe75@mail.ru, ³nur_magazbekov@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7509-7025, ²0000-0003-1509-5287, ³0000-0003-2601-9714

ТЕКСТОЛОГИЧЕСКИЕ И ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ УСТАНОВЛЕНИЯ АУТЕНТИЧНЫХ ТЕКСТОВ ПОЭЗИИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Аннотация. В статье рассматривается проблема выявления подлинного текста стихотворений Шакарима Кудайбердиева. Среди печатных изданий и рукописных вариантов произведений классика казахской литературы нередко встречаются текстуальные расхождения. В исследовании основное внимание уделяется сравнению стихотворных текстов, выявлению их последовательности и путям восстановления наиболее близкого к оригиналу варианта. Сопоставлены материалы рукописных фондов и сборники, вышедшие в разные периоды. Проведен текстологический анализ сборника стихов «Қазақ айнасы», изданного в 1912 году, и изданий произведений поэта, публикуемых с 1988 года. Предложены пути установления первоначальной версии. Кроме того, обоснована необходимость и значимость текстологического анализа для подготовки научного издания сочинений Шакарима. В качестве основного объекта исследования привлечены произведения поэта, опубликованные в разные годы, рукописи, архивные данные, а также литературоведческие и критические труды. Материалы о жизни и творчестве Шакарима рассмотрены в текстологическом, источниковедческом и библиографическом аспектах, что позволило выявить предпосылки для подготовки полноценного академического собрания его литературного наследия. Творчество Шакарима Кудайбердиева – драгоценное достояние казахской духовности. Установление подлинного текста его стихотворений дает возможность всесторонне познать художественный мир поэта и донести его духовное наследие до будущих поколений без искажений.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках программно-целевого финансирования BR28712491 «Комплексное литературно-культурное, историко-этнографическое, географическое, лингвистическое исследование духовного наследия Шакарима Кудайбердиұлы: цифровая интеграция и этнотуризм».

Ключевые слова: Шакарим, текстология, текстоведение, поэзия, рукопись, академический сборник, подлинник.

1. Кіріспе

Әдеби тұлғаның көркемдік мұрасын жан-жақты зерделеу, оны ғылыми айналымға енгізу және талапқа сай толық академиялық жинағын жариялау – филологиялық зерттеулердегі ең күрделі әрі жауапты міндеттердің бірі. Мұндай ауқымды ғылыми жұмысты жүзеге асыру үшін кешенді дайындық кезеңін жүйелі түрде жүргізу қажет. Оның аясында ең алдымен ақынның жарық көрген шығармалары мен қолжазба күйінде сақталған туындыларын түгел қамтып, мәтінтанулық сипаттағы салыстырулар арқылы нақты тізімін түзу міндеті туындайды. Бұған қоса, ақын өмірбаянына қатысты архивтік құжаттарды, ауызша деректерді, сондай-ақ ақынның шығармашылық табиғатын ашуға мүмкіндік беретін әдеби-сын мақалаларды, тарихи-әдеби еңбектерді кешенді түрде қарастыру ғылыми тұрғыдан ерекше мәнге ие.

Осыған орай, библиографиялық және деректік негіздегі материалдарды жүйелеу, оларды текстологиялық және деректанулық тұрғыдан талдау – ақын шығармашылығын объективті бағалауға, оның әдеби мұрасын жан-жақты әрі терең түсінуге жағдай жасайтын басты ғылыми алғышарт болып табылады.

Қазақ әдебиеті тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиялық мұрасы көркемдік, дүниетанымдық және философиялық тереңдігімен айрықша орын алады. Ақын шығармашылығы 1988 жылдан бірнеше редакциялық нұсқада жарияланып келеді. Алайда бұл нұсқалардың барлығы бірдей авторлық түпнұсқаға толық сәйкес деп айту қиын. Осыған байланысты Шәкәрім өлеңдерінің мәтіндік дәлдігін анықтау, түпнұсқалық сипатын қалпына келтіру мәселесі әдебиеттану ғылымында өз шешімін әлі толық тапқан жоқ.

Қ.Мұхамедханұлы «Құдай деген сөзден құдай сақтасын» мақаласында «Шәкәрімнің асыл мұрасын мүлтіксіз жариялап, халыққа кіршіксіз жарқыратып жеткізу біздің аса жауапты, әрі құрметті борышымыз», – деген маңызды міндетті қояды (Мұхамедханов, 1989). Өкінішке орай, Шәкәрім ақынның өлең мәтіндерінің нұсқалық айырмашылықтары, қолжазба мен баспа дереккөздерінің арақатынасы, редакциялық түзетулердің ғылыми негізділігі мәселелері арнайы кешенді текстологиялық және деректанулық тұрғыдан жүйелі түрде зерттелген жоқ.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын толыққанды танып-білу және ғылыми айналымға енгізу мақсатында текстологиялық, библиографиялық, деректанулық және әдеби-сындық тұрғыдан кешенді зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру – қазіргі қазақ әдебиеттануының кезек күттірмес міндеттерінің бірі.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Мәтінтанулық әдіс арқылы ақын шығармаларының түрлі нұсқалары салыстырылып, олардың түпнұсқалық сипатын анықтауға баса назар аударылды. Бұл ретте қолжазба мен баспа нұсқалары арасындағы айырмашылықтар, түзетулер мен өзгерістер арнайы салыстырмалы талдау арқылы айқындалды.

Сонымен қатар, деректанулық әдіс ақынға қатысты архивтік құжаттарды, тарихи деректерді сараптауда қолданылды. Мұндай тәсіл Шәкәрімнің өмірбаянын нақтылауға, шығармашылық жолындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, тарихи-әдеби әдіс пен салыстырмалы талдау әдісі қолданылды.

2.2. Материалға сипаттама

Зерттеу жұмысының материалдық негізін Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем туындылары, қолжазбалары және ақын туралы естеліктер мен кейінгі зерттеушілердің еңбектері құрайды. Ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтары, баспасөз беттеріндегі нұсқалары, ел аузынан жазып алынған шығармалары мен олардың қолжазбалық көшірмелері, сондай-ақ әртүрлі басылымдардағы жарияланымдары негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылы «Қазақ айнасы» деген атпен жарық көрген өлеңдер жинағы, 1988 «Жалын» (құрастырған М.Мағауин), «Жазушы» (құрастырған М.Жармұхамедов және т.б.) баспаларынан жарық көрген шығармалар жинағы. 2006 жылы «Жібек жолы» баспасынан (алқа төрағасы М.Жармұхамедұлы) шыққан ақынның екі томдық жинағы және Семейдегі Абай музейінің қорында сақталған Ахат Шәкәрімұлының қолжазбалары негізге алынды.

3. Талқылануы

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай дәстүрін жалғастырып, ұлт руханиятына өзіндік үлес қосқан тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Кеңес дәуірінде, әсіресе 1930 жылдардан кейін, Шәкәрім есімін ресми түрде айтуға рұқсат етілмеді. Шығармалары жарияланбады. 1988 жылы Шәкәрім есімі толық ақталғаннан кейін ғана, шығармалар жинағы жарық көре бастады.

Ақын шығармаларының мәтіндік бірізділігін қалыптастыруда сүйенетін тағы бір дерек XX ғасыр басындағы баспасөз беттерінде жарық көрген туындылары. «Айқап», «Қазақ», «Абай», «Сарыарқа», «Таң», «Қазақ тілі» сынды баспасөздерде жарияланған шығармаларын ақын өз қолымен жазып өткізгендіктен, түпнұсқа дерек ретінде қарауға болады деген ойдамыз.

Шәкәрім ақынның көзі тірісінде жарық көрген шығармалары канондық мәтін ретінде негізге алынуы тиіс деген ойымыздың дәлелі ретінде төмендегідей мысал келтірейік.

1922 жылы «Шолпан» журналының 2-8 сандарында Шәкәрімнің «Ләйлә-Мәжнүн» поэмасы жарық көрген. «Ташкенттегі «Шолпан» журналы менің өлең қылған «Ләйлә-Мәжнүн» әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзеу қайтадан бір кітап жазғаннан қиын.

Кей өлең мүлде жоқ, кейінің жартысы жоқ, әріп қатесі есепсіз көп. Өлеңімді соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшілігім емес екенін білер» (Шәкәрім, 1924), – деп күйіне мақала жазуы бекерден бекер емес еді. Бұл – біз жоғарыда ақын көзі тірісінде жарық көрген шығармаларына мұқият қараған деген ойымыздың дәлелі. Екіншіден, жоғарыда санамалап атап өткен баспасөз беттеріндегі шығармалары баспа тарапынан қате басылған жағдайда, Шәкәрім Құдайбердіұлы міндетті түрде редакцияға хат жолдап, туындының дұрыс оқылуын талап етер еді.

«Шәкәрім қолжазбалары Қытайдағы қандастарымыздың қолында болуы ғажап емес. Зият Шәкәрімұлы Қытайға өткенде өзімен бірге әкесінің қолжазбаларын ала кеткен. Ол қолжазбалардың тағдыры әзірге белгісіз. Мұрағаттанушы марқұм Б.Байғалиев қолжазбалар негізінде «Иманым» кітабын жариялады. Қолжазба

деректерді жинастыру, ғылыми құндылығын анықтау, салыстыру, айналымға енгізу мәтінтанушылар атқармақ кезек күттірмес зәру мәселелерден саналады» (Смагулова, 2024: 120).

Сонымен қатар Шәкәрім ақыннан қалған қолжазбалар дегенде біз сүйенетін қолжазба – Ахат Шәкәрімұлының қолжазбалары. «Ахат марқұм әкесінің көзі тірісінде, әсіресе, әкесі өлгеннен кейін оның кітап болып басылып шыққан шығармаларын да, басылмаған қолжазбаларын да, ерінбей, жалықпай, ұқыпты көшіріп, жазып отырған» (Мұхамедханов, 2008:35). Бұл жәдігерлер бүгінде Семейдегі Абай музейінің қорында сақтаулы (КП-4499).

«Біздің байқауымызша, дәл бүгінгі күні ғылымға белгілі көшірмелердің ішіндегі айрықша құндысы – ақынның бел баласы Ахат 1936 жылы Республикалық көпшілік кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екі томдық жинағы (№188, №210). Және Абайдың Мүрсейіт қолынан шыққан көшірмелері сияқты, Шәкәрім мұрасының ең сенімді, ең деректі нұсқасы деп танылуға тиіс» (Шәкәрім, 1988:248), – деген М.Мағауин тұжырымы Ахат қолжазбасының маңыздылығын дәлелдей түседі.

Дегенмен де осы арада ескеретін бір нәрсе, мәтінтануда белгілі бір заңдылық бар. «Алдыңғы бөлімдерде атап өтілгендей, мәтінді қайта көшіру үдерісінде оның мазмұны мен құрылымында өзгерістердің орын алуы заңды құбылыс. Көшірмеші барынша дәлдікке ұмтылғанның өзінде, белгілі бір кезеңде міндетті түрде қателікке жол береді: жекелеген сөздерді қате оқуы немесе дұрыс жазбауы мүмкін, сондай-ақ көшіріліп отырған мәтінге түпнұсқамен салыстырғанда ауытқитын элементтер енгізіледі» (ауд. Н. Мағазбеков) (Данилевский, 2018: 92). Бұл қағида Шәкәрім шығармаларына да тікелей қатысты. Әке мұрасын қалайда сақтап қалуды көздеген Ахат қолжазбаларында бір-бірімен сәйкес келмейтін, шумақтары ауысқан тұстары да баршылық. Мұндай өзгерістер мен айырмашылықтар Шәкәрім шығармаларының канондық мәтінін түзуде қатаң ескерілуі қажет.

Шәкәрімге тиесілі деген өз қолжазбалары, кітаптары, хаттары – барлығы Шәкәрім атылғанда жойылған, өртелген, қолды болған. Сүйнетініміз – ақынның көзі тірісінде жарияланған шығармалары мен қолжазба күйінде сақталған туындылары (Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасы). Олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау, мәтіндік нұсқаларын салыстыру – ғылыми тұрғыдан маңызды міндеттердің бірі. Бұл ретте әрбір шығарманың алғашқы жазылу тарихын, нұсқаларындағы өзгерістер мен түзетулерді айқындау, кейінгі басылымдарда кеткен қателіктерді түзету – текстологиялық зерттеудің негізгі принциптері болып табылады.

«Шәкәрім текстологиясын зерттеу объектісіне айналдырғанда төмендегі ойларды назарда ұстаған жөн. Қандай да болмасын қаламгердің мұрасын тану мәтінтанудан басталмақ керек. Неге десеніз бір қаріптің өзгеруі шығарманың көркемдік құны мен айтпақ ойына, образдар жүйесіне зор нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Мәтіннің бұзылуы, жариялаудағы ұқыпсыздық қауіп-қатердің орасан зоры екендігін ұққан айқын» [Смагулова, 2024: 121].

Шәкәрім Құдайбердіұлының алғашқы өлеңдер жинағы көзі тірісінде 1912 жылы «Қазақ айнасы» деген атпен Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жарыққа

шықты (Шәкәрім, 1912). Кітаптың мұқабасында «*нәшірі уә мухаррирі*» деген тіркес жазылған. «Нәшірі» (арабша) – «халыққа тарату, жаю, жариялау, баспаға бастыру, шындықты тарату» деген мағынаны, ал «мухаррирі» (арабша) – «түзетуші, редактор, өңдеуші, жазып дайындаушы» дегенді білдіреді (Сөздік, 1969:76). Шәкәрім Құдайбердіұлы кітаптың бастырушысы әрі корректоры болған, яғни осы жинаққа енген барлық өлеңдер ақынның тыңғылықты қадағалауымен басылған. «Жаңа дәуір ескерткіштерінің текстологиясына тән ерекшелік – бізге көбінесе шығармалардың авторларының тікелей өзі жазған немесе өзі редакциялаған қолжазба сияқты куәліктерінің жетуі. Бұл, бір қарағанда, бізге қолайлы, өйткені автор еркі туралы көбірек мәлімет алуға мүмкіндік туады; соның нәтижесінде шығармалардың басылымдарын әзірлеу жолдары едәуір дәрежеде дәл осындай куәліктерді негізге ала отырып жасалады» (Шумилин, 2024: 1598).

Сондықтан да дәл осы 1912 жылғы жинаққа енген туындылар Шәкәрім шығармаларының мәтіндік бірізділігін анықтауда канондық мәтін болу керек. Екіншіден, 1912 жылғы жинақтың мұқабасында «*һәр хұқығы сахибына ғайд*» деген мәлімет берілген. Мағыналық тұрғыдан ол қазіргі ғылыми-әдеби тілдегі «барлық құқықтар сақталған», «барлық құқық иесіне тән» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұл – XX ғасыр басындағы қазақ баспа мәдениетінде авторлық құқық ұғымының алғаш қолданылған көріністерінің бірі. Шәкәрім шығармаларының түпнұсқалық мәтінін зерттеу барысында осындай құқықтық ескертпелерге назар аудару – сол дәуірдің баспа дәстүрін, авторлық құқыққа көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте аталған жинаққа енген өлеңдерді кейінгі жылдары жарық көрген жинақтардағы мәтіндермен салыстырайық. Нақтылай айтсақ, біздің талдауымызға 1988 жылы «Жалын» (Шәкәрім: Жалын, 1988) және «Жазушы» (Шәкәрім: Жазушы, 1988) баспаларынан, 2006 («Жібек жолы» (Шәкәрім, 2006) жылы жарық көрген жинақтары мен Ахат Шәкәрімұлының (Ахат) қолжазбасы негіз болды.

«*Бір Аллаға сиынған арам өлмес*» алғаш рет ақынның 1912 жылғы жинағында жарияланған (Шәкәрім, 1912: 4). Көлемі – 16 жол. 1988 «Жалын», 2006 «Жібек жолы» баспаларынан жарық көрген жинақтарға енген. 2006 жылғы жинақта «Бір аллаға сиынған адам өлмес» деп қате басылған.

1912 жылғы жинақтағы: «*Белін бекем бұғанның белі талмас*» деген жолдар 1988 жылғы («Жалын») баспада «Бейілін бекем бұған белі сынбас» деп қате басылған.

«Ақтан көрген *бәлеңе* шыдау керек» деген жолдағы курсивпен берілген сөз 1988 («Жалын») жинақта «пәлеге» деп басылған. «*Тәтті ғұмыр сүре алмас таза кісі*» деген жол 1988 («Жалын») баспасында «Татты ғой сор арылмас таза кісі» деп басылған. 1912 жылғы мәтін негізге алыну керек деп есептейміз.

«*Жуандар*» - баспа бетінде тұңғыш рет 1912 жылғы жинақта жарияланған (Шәкәрім, 1912: 5). 60 жолдан тұратын өлең. Ақынның 1988 («Жалын»), 2006 жылдардағы («Жібек жолы») жинақтарына енген.

«*Малмен* сатып алған соң ел де онікі» деген жолдағы курсивпен берілген сөз 2006 жылғы жинақта («Жібек жолы») «*Малын* сатып алған соң ел де оныкі» деп өзгертіліп басылған.

«*Ерегесер* кісі жоқ, жер де онікі» деген жолдағы курсивпен тұрған сөз сөз 1988 жылғы жинақта («Жалын») «Еріксіз кісісі жоқ, жер де онікі» деп қате берілген.

«Жақын жүрсең жеткендей төбең көкке, Жуансып *дірілдейсің* сен де көпке» деген жолдардағы «*дірілдейсің*» сөзі 1988 жылғы жинақта («Жалын») «дырылдайсың» деп қате басылған.

Курсивпен берілген сөздер ақынның 1988 жылғы жинағында («Жалын») төмендегідей басылған:

Қара қылды қақ жармақ *болды мүмкін*,
Байқаңыз, қылған ісі *жөнді мүмкін*.
Әділ болмай, айтқанын қылмақ болса,
Осылар *тәңірі алды оңды мүмкін*.

Алғашқы жинақтағы мәтін басшылыққа алынып, төмендегідей түзетіп оқылуы тиіс:

Қара қылды қақ жармақ *болды ма екен*,
Байқаңыз, қылған ісі *жөнді ме екен*.
Әділ болмай, айтқанын қылмақ болса,
Осылар *тәңірі алдында оңды ма екен*.

Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасы да осы 1912 жылғы басылыммен бірдей.

«*Қорқақ бай*» – алғаш рет 1912 жылғы ақынның тұңғыш жинағында жарияланған (Шәкәрім, 1912: 6). 60 жолдан тұратын өлең. 1988 жылғы екі жинаққа да енбеген. 2006 жылғы жинақта (Шәкәрім, 2006:69) жарық көрген. Өлең мәтінінде төмендегідей өзгерістер бар:

1912 жылғы басылымдағы өлеңнің «Оларға күнде дайын *ат пен шайы*» деген жолындағы «ат пен шайы» тіркесі 2006 жылғы жинақта («Жібек жолы») «ет пен шайы» деп қате берілген.

«*Армансызбын* демейді, ақтан өліп» дегендегі курсивпен берілген сөз 2006 жылғы («Жібек жолы») басылымда «арансызбын» деп қате басылған. Сондай-ақ, «Мықтының зиянынан *сескенеді*» деген жолдардағы курсивпен берілген сөз аталған жинақта «сектенеді» деп берілген. 1912 жылғы басылымдағы нұсқасы бойынша оқысақ, Шәкәрім ұсынған мәтіннің бірізділігі айқындала түсері анық.

Байғұс-ау, осыменен *кеткенің бе*,

«Қорқамын» деп түбіңе жеткенің бе. Осы өлең жолындағы кеткенің бе сөзі, Ахат қолжазбасында «өткенің бе» деп қате берілген. Жоғарыда атап өткеніміздей, Шәкәрім ақынның 1912 жылғы жинағы кейінгі жылдары жарық көрген жинақтардың барлығына негіз болуы керек.

«*Партия адамдары*» – алғаш рет 1912 жылғы «Қазақ айнасы» жинағына енген (Шәкәрім, 1912: 16). 108 жолдан тұратын өлең. 1988 жылғы ақынның «Жалын» баспасынан шыққан өлеңдер жинағына енбей қалған, одан кейінгі басылымдардың барлығында бар.

Ауыз дәмін кіргізер *нәрі* бар ма,

Маған десе, бұл елдің бәрі бар ма, –
деген жолдағы «нәрі» сөзі кейінгі басылымдардың барлығында «дәмі» деп басылып келеді.

Бар жұмысы – алдау мен ұрлық, пара,
Бірін арам демейді бұл бейшара.

Залымдарды кәпірмен қосып айтқан,
Нанбасаңыз, Құраннан оқып қара
Бұл шумақ ақынның 1912, 2006 («Жібек жолы») жылғы жинақтарында ғана бар.
Қалған басылымдарда түсіп қалған.

«Арды білмей, арсызға құлдық ұрып, Есін алып қойған ба бар құдайым» дегендегі курсивпен берілген сөздер кейінгі басылымдарда «Арды білмей, арсызға құлдық ұрып, Есін алып қойған *ба бір құдайым*» деп басылып келеді.

1912 жылғы басылымдығы мына жолдар:

Есі шығып *елірген* бәрі де мас,

Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық?

1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген ақынның өлеңдер жинағында:

Есі шығып *елерген* бәрі де мас,

Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық? – деп берілген.

«Қазақ айнасындағы» (1912):

Құдая бәрі бірдей құтырған ба,

Іс қылмақ артын ойлап мұтылған ба?

Алланың кәрі тиіп адасты ма,

Кеткені мұнша кіріп шытырманға? –

деген жолдар кейінгі жинақтардың барлығында:

Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба,

Іс қылмақ артын ойлап ұмтылған ба?

Алланың кәрі тиіп адасты ма,

Кеткені мұнша кіріп шытырманға? – деп басылып келеді.

1912 жылғы жинақта «*Мұсылманға ұқсайды қай арасы?*» деген жолдағы курсивпен берілген сөз 1988 жылғы жинақта («Жазушы») «ағайынға» деп басылған.

Онымен мені алдай ма, кімді алдайды,

Жалған сөзін *Құдайым* тіпті алмайды

Осы жолдардағы «*Құдайым*» сөзі 1988 жылғы басылымда «құлағым» деп қате басылған.

Алғашқы өлеңдер жинағындағы «Тәңірінің таразысы *тартады* әділ, Азап көрмей айламен сау қалмайды» деген жолдардағы курсивпен берілген сөз 1988 жылғы басылымда («Жазушы») «тартылса» деген нұсқамен берілген.

1912 жылғы «Қазақ айнасындағы» мына шумақ:

Өтірікке найзадан өткір қазақ,

Өз қылығың басыңа жеткір қазақ.

Қокиланар құдайдың құлымыз деп,

Пайғамбардан садаға кеткір қазақ, –

1988 жылғы екі жинаққа да еңбей қалған.

«Қайраттан да, қамдан да босатып ал, Сонда тура Құдайға жол табасың» дегендегі «құдайға» сөзі кейінгі басылымдардың барлығында «шындыққа» болып өзгертілген. Ақынның шығармалар жинағын құрастыруда алғашқы жинақтағы мәтін басшылыққа алынып, алмастырылған сөздер, түсіп қалған шумақтар қалпына келтірілуі аса қажет.

Жалпы алғанда, Шәкәрім өлеңдерінің әр басылымдағы нұсқаларын салыстырғанда, мынадай айырмашылықтар жиі кездеседі:

- Шумақтардың түсіп қалуы немесе ауыстырылуы.
- Сөздердің идеологиялық тұрғыда өзгертілуі.
- Орфографиялық сәйкессіздіктер. Араб жазуынан кириллицаға көшіру барысында дыбыстық ерекшеліктер сақталмай, қате транскрипция жасалған.

Шәкәрім өлеңдерінің мәтіндік түзулігі – оның шығармаларының түпнұсқаға сәйкес берілуін, мағынасының бұрмаланбауын, орфография мен құрылымының дұрыс сақталуын білдіреді. Бұл ақын мұрасын дұрыс түсініп, кейінгі ұрпаққа дәл жеткізуде аса маңызды.

4. Зерттеу нәтижесі

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрінің қалыптасуы мен дамуы үдерісімен тығыз байланысты. Оның еңбектері қазақ халқының рухани дамуына, тіліне, білімі мен мәдениетіне зор ықпал етті. Алайда КСРО кезеңінде Шәкәрім шығармашылығы қатаң цензураға ұшырап, ғылыми және мәдени кеңістіктен шеттетілді (Смағұлов, 2024:6). Соның салдарынан ақын шығармалары ұзақ уақыт бойы жарияланбады. Бұл жағдай мәтіндердің түрлі нұсқаларының қалыптасуына, авторлық мәтіннің бұрмалануына, кейбір шығармалардың толық немесе жартылай жоғалуына алып келді. Нәтижесінде Шәкәрім мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеуде текстологиялық тұрғыдан күрделі мәселелер туындап, шығармалардың түпнұсқалық сипатын анықтау өзекті ғылыми міндетке айналды. Сондықтан қазіргі ғылымның міндеті – қолжазба мен баспа нұсқаларын салыстырып, түпнұсқа мәтінді қалпына келтіру.

Шәкәрімнің баласы Ахаттың көшірген қолжазба дәптерлері архивтерде сақталған (Ұлттық кітапхана (№188, №210), Семейдегі Абай музейі (КП-4499), ҚР Ғылым академиясының қолжазба қоры №1620). Бұл қолжазбалар белгілі бір дәрежеде мәтіннің түпнұсқалығын айқындауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдерінің түпнұсқа мәтінін анықтаудың ең тиімді жолдарына мыналар жатады:

- алғашқы баспа басылымдарын түпнұсқа негіз ретінде алу;
- қолжазба нұсқаларды жүйелі түрде зерттеу;
- мәтіндік салыстыру мен филологиялық талдауды қатар қолдану;
- архивтік деректер мен естеліктерді қосымша айғақ ретінде пайдалану.

5. Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыру – қазақ әдебиеттану ғылымының аса маңызды міндеттерінің бірі. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын түзуде мәтінтану мен деректану принциптерін кешенді түрде қолдану ақын мұрасының ғылыми дәлдігін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім өлеңдерінің әр кезеңде жарық көрген басылымдары мен қолжазба нұсқалары арасындағы мәтіндік айырмашылықтар анықталып, олардың пайда болу себептері ғылыми тұрғыдан талданды. Ақын шығармаларының кейінгі жарияланымдарында жіберілген редакциялық түзетулер деректанулық

негізде сараланып, бірқатар өлеңдердің түпнұсқаға барынша жақын мәтінін қалпына келтірудің нақты жолдары мен ғылыми талаптары ұсынылды.

«Ғылыми талап дегенде нендей талапты ескеру міндеттілігі Абайдың толық жинақтарының басылым үрдісінде қаншалықты күн тәртібінде тұрды, қалай шешім тапты дейтін мәселе абайтану тарихында арнайы зерттеу нысаны болмаған» (Текстология, 2022, 6). Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын қалпына келтіру тек мәтіндік дәлдік мәселесі ғана емес, сонымен қатар ақынның дүниетанымы мен көркемдік ұстанымын терең түсінуге негіз болатын маңызды ғылыми міндет. Осы тұрғыдан алғанда, мәтінтану және деректану принциптерін сабақтастыра қолдану Шәкәрім мұрасын ғылыми айналымға толық әрі сапалы енгізуге жол ашып, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті бағыттарының бірін құрайды. Біз жоғарыда талдап көрсеткен салыстырмалы ұсыныстар Шәкәрім Құдайбердіұлының жинағын даярлау барысында ескеріледі деген үміттеміз.

Шәкәрім шығармаларының канондық мәтінін қалыптастыру, толық ғылыми түсініктерін жазу т.б. өзекті мәселелер әлі күнге дейін шәкәрімтану ғылымындағы ең өткір тақырыптар қатарынан. Ақын шығармаларын текстологиялық, деректанулық және салыстырмалы әдебиеттанулық тұрғыдан терең зерттегенде ғана сапалы академиялық толық жинаққа қол жеткіземіз.

Әдебиеттер:

1. Абай өлеңдерінің текстологиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: Evo Press, 2022. – 320 б.
2. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының қоры. – КП 4499. – №28 бума.
3. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Қазақстан», 1969. – 266 б.
4. Данилевский И.Н. Тарихи текстология: оқу құралы. – Мәскеу: Жоғары экономика мектебі баспа үйі, 2018. – 556 б.
5. Құдайбердіұлы Ш. «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш // «Қазақ тілі» газеті, 1924, №13.
6. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жалын», 1988. – 253 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Семей: Ярдәмь, 1912. – 50 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 560 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. I том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006. – 524 б.
10. Мұхамедханов Қ. Құдай деген сөзден құдай сақтасын // Қазақ әдебиеті, 1989, 17 наурыз.
11. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 320 б.
12. Смағұлов Н., Иссахан М., Мұхитдинов Р., Жамашев А. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық, мәдени және рухани дамуына Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының ықпалы // Pharos Journal of Theology. – 2024. – 105-том, тақырыптық 3-нөмір. – Б. 1-9.
13. Смагулова А., Еспенбетов А., Ердембеков Б. Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Филология» сериясы. – 2024. – 29, 1(113). – Б. 119-127.
14. Шумилин М.В. Франческо Филельфонның «Сфорциада» еңбегіндегі проблемалық жолдар // Үндіеуропа тіл білімі және классикалық филология. – 2024. – № 28-2. – Б. 1589–1605.

References:

1. Abai olenderinin tekstologiyasy. Ujymdyq monografiya [Textology of Abai's poems]. (2022). Almaty: Evo Press. (in Kaz).
2. Abaiyn "Jidebai-Borili" memlekettik tarixi-madeni jane adebi-memorialdyq muzei-qorygynyn qory. – KP 4499. – №28 бума. (in Kaz).

3. Arabşa-qazaqşa tusinidirme sozdik [Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary]. (1969). Almaty: Qazaqstan. (in Kaz).
4. Danilevskiy, I. N. Istoricheskaya tekstologiya: uchebnoe posobie [Historical Textology]. (2018). Moscow: Izd. dom Vysshey shkoly ekonomiki. (in Russ).
5. Qudaiberdiuly, Sh. "Qazaq tili" gazetinin basqarmasyna otinish [Application to the management of the newspaper "Qazaq tili"]. (1924). Qazaq *tılı*, (13). (in Kaz).
6. Qudayberdiuly, Sh. (1988). Zholsyz Zhaza: Olender men poemalar [Poems and Epics]. Almaty: Zhalyln. (in Kaz).
7. Qudayberdiuly, Sh. (1912). Qazaq aynasy [Kazakh mirror]. Semey: Yardam. (in Kaz).
8. Qudayberdiuly, Sh. (1988). Poems and Epics. Almaty: Zhazushy. (in Kaz).
9. Qudaiberduly, Sh. (2006). Shygarmalary: olenderi, dastandary [Works: Poems, Epics]. (Vol. 1). Almaty: Zhibek Zholy Publishing House. (in Kaz).
10. Mukhamedkhanov, Q. Qudai degen sozden qudai saqtasyn [From the Word "God" – God Preserve Us]. (1989). Qazaq adebieti, (March 17). (in Kaz).
11. Mukhamedhanov, Q. (2008). Collected Works in Multiple Volumes (Vol. 6). Almaty: El-shejire. (in Kaz).
12. Smagulov N., Issakhan M., Mukhitdinov R., Zhamashev A. The Influence of Shakarim Kudaiberdiev's Work on the Economic, Cultural, and Spiritual Development of Kazakhstan in the Late 19th Century and Early 20th Century. *Pharos Journal of Theology* ISSN 2414-3324 Volume 105 Themed Issue 3 - (2024). – P. 1-9. (in Eng).
13. Smagulova A., Espenbetov A., Erdembekov B. Shakarim poeziyasındagi tekstologiya meseleleri [Problems of textual criticism in the poetry of Shakarim] // *Bulletin of Karaganda University, Series "Philology"*. – 2024. – 29, 1(113). – P. 119-127.
14. Shumilin, M. V. (2024). Problemnye stroki v "Sforziade" Francesco Filelfo [Problematic Lines in Francesco Filelfo's Sforziada]. *Indo-European Linguistics and Classical Philology*, 28(2), 1589-1605. (in Eng).